

көтеріп отырған зерттеу тақырыбымыз мемлекеттің отандық тарихты қолдауға арналған саясаты аясында қарастырылды деп нық сеніммен айта аламыз.

Жалпы, зерттеп отырған мәселемізді толық ашып көрсету бір студенттік мақала көлемінде мүмкін еместігін тағы да бір қайталай отырып, аталған тақырыбымыздың қорытындысы ретінде төмендегі мәселелерді атап көрсетуді жөн санадық:

1. Каспий теңізі іргесіндегі Маңғыстау түбегіндегі ежелгі дала өркениетінің бір бөлігі болып табылатын оғыз-түркі дәуірі, одан беріректегі дала халықтарының архитектуралық сәулет өнері ескерткіштері әлі де кешенді түрде зерттеу үшін өз кезегін күтуде. Осы тұрғыдан аталған мақалам аясында жас ұрпақ өкілі ретінде бұл мәселеге тарихшылардың назарын аударуға мүмкіндік туды деп есептеймін;

2. Сонымен қатар, өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерін көрсету арқылы өңірдегі далалық өркениеттің аясында дамыған қолөнер, ұсталық, құрылыс саласының да дамуының өзіндік ерекшеліктері болғандығын айтуға тиіспіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Шпенглер О. Закат Европы. – М., 1993. – 672 с.
- 2 Гумилев Л. Ритмы Евразии: эпохи гуманитарные науки. 21 и цивилизации.- М.: Экспрес, 1993. -576-б. // Бейсенова С.А. Өркениет құрылымы. Қостанай МПИ-ның Жаршысы. 2008, №3. 18-20-бб.
- 3 Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. // Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Екінші басылым. - СПб.; 1865. 148-б.
- 4 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296-б.
- 5 Неру Дж. Взгляд на всемирную историю в 3-х томах. Т.І. М., 1919. // Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. – 369-бет.
- 6 Жанбауыл ата Сырым батырдың дос! Адай-Байбақты! 24.06.2018ж. // <https://youtu.be/HyZiiz1SGLQ>. Жүгіну мерзімі: 11.11.2021 ж.
- 7 Мерейлі мекен – Мұнайлы: дерекнама-ақпараттық, энциклопедиялық жинақ. Құраст.: Я.Қ.Аталықов, Ү.Жәлеке. Алматы: Бадамұра-М, 2011. – 248 б.
- 8 Н.Құлбай, өлкетанушы. Қарақия. Ұзынбас бекінісі. Аққар көтерілім // <https://youtu.be/v7JVwBeTVvM>. Жүгіну мерзімі: 17.11.2021ж.
- 9 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017ж. // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn. Жүгіну мерзімі: 17.11.2021ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕҢБЕГІНІҢ КӨКШЕТАУЛЫҚ НҮСҚАСЫ

Исжанов А.К.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқушы Сердхан А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Мәдениеті жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ» деп айтқан [1].

Қожа Ахмет Яссауи туған халқымыздың рухани тарихында Ұлық тұлға екендігі бәрімізге мәлім. Оның артында қалдырған рухани мұрасының ең бір бірегей үлгісі – Диуани хикмет. Қазақтың әрбір өлкесі өнегелі тарихи шежіреге толы. Еліміздің шоқтығы биік жерінің бірі- Көкшетау өңірі. Бұл мекен Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған еліміздегі «Мәдени-географиялық белдеудің» ең бір тарихы бай

өлкесі.[2] Осы жерде халқымыздың асыл рухани мұрасы Диуани хикметтің табылуы рухани өміріміздегі соңғы кездегі аса маңызды мәдени оқиға болған еді. Хандар Ордасы болған Көкшетауда «Диуани хикметтің» ең көне нұсқасының табылуы кездейсоқтық емес, заңдылық. Бұл қолжазба қазақ әдебиеті үшін де, тіл тарихы үшін де, ежелгі діни-философия үшін де теңдессіз құнды, маңызды рухани мұра болып табылады.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 20-қаңтарында шыққан № 14-ші қаулысы негізінде ұйымдастырыла бастаған «Әдебиет және Өнер» мұражайы 1993 жылдың 22-шілдесінен бастап көпшіліктің мәдени- рухани игілігіне қызмет жасап келеді. Аталмыш мұражай Көкшетау-Ақмола өңірі тумаларын ғана емес, елімізге танымал басқа да ақын-жазушылардың, сал-серілердің, өнер-қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын жинақтап, зерттейтін бірден-бір ғылыми орталық болып табылады.

Музейдің негізгі қорында аспандағы аққу құстан ән озырған атақты сал серілер Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың жеке заттары, Көкше өңірінде туып өскен белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушы ғалымдар Жұмағали Саинның, Есмағамбет Ысмайловтың, Көкен Шәкеевтің, Мұса Асайыновтың, Сәкен Жүнісовтың, Естай Мырзахметовтың, Тұрсынбек Кәкішевтің жеке бұйымдары, қол жазбалары, әдеби шығармалары, тарихи фотосуреттері сақталынған. Ең құнды жәдігерлердің қатарында Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының ортағасырлық көшірмесі, Қарауыл Қанай бидің саптыаяғы, XVIII ғасырдағы су ішкен құтысы, Ақан серінің Темірбек ұста жасаған адалбақаны, Ақанның ән ғұмырына айналған Ақтотының айнасы және іс тігетін Зингер машинасы, Ақтоқтыдан туған Жалмұқанның баласы Сұлтаннның домбырасы тағы басқада көненің көздері сақталған.

Түркістаннан шыққан ортағасырлық оқымысты абыздар иісі түрік жұртына ортақ ұлылар санатында аталып жүр. Түркістан абыздарының атасы саналатын ғұламаның бірі – Қ.А.Ясауи. Ол – дін қайраткері, ойшыл ақын, сопылық поэзияның негізін салған, ортағасырлық түрік поэзиясындағы аса ірі тұлға. Қазақ әдебиет тарихы үшін Ясауидің орны тіпті ерекше екені айтпасақ та түсінікті. Қазақ жеріне сопылықтың таралып кең қанат жаюы Қ.А.Ясауи есімімен байланысты. Ясауидің атын әлемге танытқан оның ақындық қасиеті. Ақын ретінде мұсылман әлеміне ғана емес, дүниеге аты мәшһүр болды. Қ.А.Ясауидің хикметтері – сопылық бағыттағы теңдессіз көркем әдебиет үлгісі болып табылады.

«Диуани хикмет» сөзі хикметтер жинағы деген мағына береді. Бұл диуанға кірген өлеңдер екінің біріне түсінікті қарапайым өлеңдер емес, сопылықтың қасиетті қағидалары туралы, құпия сырға толы дүниелер. Алланың бұйрығынсыз адам құмырысқаны да баспайды деп ұғатын сопы Қ.А.Ясауи өзінің өлеңдерін Алладан келген аян деп білсе, оның еш сөкеттігі жоқ. Шынында да солай. Д.Кенжетайдың: «Хикмет» сөзі (арабша) тілдік тұрғыдан алғанымызда «ақыл», «парасатты сөз», «дін ілімі», «ең шынайы ілім арқылы ең шынайы болмысты (Тәңірді) тану» деген мағыналарды білдіреді... Сонымен қатар хикмет – Құранның мазмұны мен мәні, яғни Құдайлық аянның өзегі болып табылады»[6] дегені осыған меңзейді. Алланы тану ілімі деген тұрғыдан келсек те Хикметтердің қасиетті сөз, қасиетті ілім екені айқындалып тұр. Ясауи хикметтерінің әу баста қай тілде, қандай әліпбимен жазылғаны белгісіз, десе де, түркі тілінде жазылған деуге негіз бар. Ертеректе Қ.А.Ясауи хикметтерінің бұзау терісіне жазылған нұсқалары болған деген сөз бар. Ондай нұсқа табылып жатса, бізге жұмбақ көп сырдың беті ашылары даусыз. Ясауи хикметтерінің бізге жеткен нұсқалары – ортағасырлық түрік жазба тілінде (шағатай) жазылған көшірме қолжазбалар. Осы шағатай тіліндегі көшірме қолжазбалардың өзі де көп емес. Қ.А.Ясауи хикметтерінің көшірме қолжазбалары иісі түрік жұртының баға жетпес байлығы.

«Диуани Хикмет» еңбегі хан ордасы болған Көкше өңірінен табылды! Ұлы ойшыл, ұлы далаға ислам дінін таратқан миссионер Қожа Ахмет Ясауидің даналық сөздер қолжазбасы соңғы 20 жыл бойы облыстық әдебиет және өнер мұражайында сақталып келген екен. Дәстүрлі мәдениетіміздің сабақтастық дәстүрі әлсіреу салдарынан бұл еңбектің

қаншалықты маңызды жәдігер екенін ешкім білмеген. Шамамен 16 ғасырда шағатай тілінде жазылған 90 беттік жинақ осы күнге дейін көне Құран кәрім есебінде саналса керек. Алайда біз Көкшетау сияқты хан ордасы болған жерде осындай баға жетпес жәдігердің табылуы тіпті де кездейсоқ деп санамаймыз. Керісінше заңдыоқиға деп қабылдағанымыз жөн.

Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» еңбегі туралы Әдебиет және өнер мұражайының ғылыми қызметкері Жүсіпова Бахытжанның сөзі: “Алдымен бұл еңбектің қалай табылғанына тоқтала кетейін. «Әдебиет және өнер» мұражайы 1989 жылы құрылды. Мұражай орналасқан ғимарат басқа меншікке өтіп, мұражайдағы өнер туындылары, жәдігерлер, әртүрлі тарихи қазыналар В.Куйбышев атындағы қалалық өлкетану мұражайына көшіріледі. Жәдігерлерге орын жетіспеді. Әсіресе, арабша сауаты бар жан табылмағандықтан сол тілде жазылған кітаптар керексіз қалды. 2009 жылы мұражайды қайтадан тірілтуге музейдің директоры Нұрбек Нұралиннің басшылығымен жұмыстар жүргізілді. Шағын ғимарат тауып, сонда орналасып, біраз дүние жинастырылды. Бұл қолжазбаны Шығыстану институтының директоры Әшірбек Муминов ел аралап, құнды заттар жинап жүріп, осы мұражайдағы сирек кітаптарды ақтарып көріп, алғаш «Диуани хикмет» деген болжам жасайды. Артынан қайта соғып нақтыламақ болады. Бірақ әлдебір себептермен қайта іздеген жоқ. 2011 жылы бұл мәселені қайта көтердік. Алматыдағы біраз біледі деген адамдарға көрсеттік. Нақты дерек болмаған соң, қолжазбаны Астанаға әкеліп түрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлына апардық. Ол кісі түріктанушы Иманғазы Нұрмұхаметұлына жолықтырды. Олар бір күн ішінде қолжазбаның бір бетке жуығын аударды. Қолжазба расында Қожа Ахметтің «Диуани хикмет» еңбегі екені дәлелденді. Иманғазы Нұрмұхаметұлына қолқа салып, қолжазбаны қазақ тіліне аударттық. Бастыруға қаржы да табылды. Қаржы жағынан Паң Нұрмағамбеттің тікелей ұрпағы, «Оң – олжа» компаниясының президенті, белгілі меценат Марат Нәбиев көмек берді. Марат Нәбиевке баршаның атынан директорымыз алғыс білдірді. Қазір қолжазба жинағы жүйеленіп «Фолиант» баспасынан басылып шықты”.

Бұл жазбаның құндылығы жайлы Әдебиет және өнер мұражайының ғылыми қызметкері Бақытбек Бекмураттың сөзі:

“- Бұл кітап шамамен 15-16-шы ғасырларда *шағатай тілінің қыпшақ диалектісінде жазылған* жәдігердің осы күнге дейін сиясы өшпей жақсы сақталған. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында Яссауи өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды. Тіршілікте тартқан азабын, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынап, бұл фәнидің жалған екендігін осы хикметтерінде айтып кеткен”.

«Диуани хикмет» қолжазбасы солтүстікке қалай келуі мүмкін. Ол жайында мұражай қызметкерлерімен, өз ойымды қортындылап мына жорамалға келдім. Қолжазба бұрынғы Көкшетау Рузаевка, қазіргі Ғ.Мүсірепов және Айыртау аудандары ауылдарынан әкелінгені тізімде айқын жазылғанын көрдім. Олай болса қолжазбаны Сарғалдаққожа немесе оның қызы Айғаным сақтап келуі бек мүмкін. Олай деуге де негіз бар. Біріншіден, қолжазба табылған, (бұрынғы Рузаевка, қазіргі Ғ.Мүсірепов ауданы) жерін ат төбеліндей қожалар мекендеген. Осы аудандағы Бірлік ауылы қожалар ауылы аталыпты. Тың игеру кезінде тарап кеткен. Бұл ауыл Бұхарда көп жыл оқыған ғұлама Сарғалдаққожаның ауылы екені тарихта бар. Ал, Сарғалдаққожа Қожа Ахмет Ясауидің туған інісі Садыр шайхтың ұрпағы. Шығыс Қазақстаннан әулиелігімен танылып, Абылайханға еріп, Есіл бойын мекендеп қалып қойған. Орданың имамы Абылайдан соң Ергенекті уақтың пірі, старшыны болған. Ғалымдар "қолжазба Бұхар қағазына жазылған, көшірілген жылы шамамен 16-17 ғасыр" депті. Бұхарда көшірілсе, Сарғалдаққожа Бұхарда оқыған. Туған жері мен ата бабасының мекені де сол жақ. Ал, Айғанымға келсек Айыртау ауданының Сырымбет ауылында өмір сүрген. Сондағы қоныста Айғаным өмірінің соңына дейін тұрған. Айғаным 6 тіл білген, әсіресе діни сауаты өте жоғары болған. Қонысында мешіт салдыртып, молда ұстаған. Айғаным әлем таныған

ғалым Шоқанның әжесі. Уәлиханның кіші ханымы. Хан отбасында кітаптың неше түрі болғаны да мәлім. Қоныс шабуылға ұшырап өртенді, қазан төңкерісінен кейін иесіз қалды. Айғаным ұрпақтары қуғынға ұшырап, мүлкі талан-таражға түсті. Осындай қиын кезде, қолжазба ұрпақтарына, не басқаның қолына түсіп, осы күнге жеткен болар. Осы жайларды болжай келе «Диуани хикмет» қолжазбасы әкеден мұра болып қалған, әкелі, балалы Сарғалдаққожамен Айғаным ханшаның кітабы деген болжам жасауға болады.

Қ.А.Ясауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасы қай ғасырда көшірілгені белгісіз. Сарғыш түсті қалың бұхар қағазына жазылғандығына қарап шамамен 16-17 ғасырларда көшірілген бе деген жорамал айтылған. Мұны ғылыми қорытынды деуге болмайтыны белгілі.

«Диуан» – классикалық түркі тілдес поэзияда қолжазба күйінде келетін жинақ. Бір немесе бірнеше автордың шығармаларын қамтиды. Диуандағы шығармалар жанр бойынша немесе алфавиттік тәртіппен орналасады. Диуанға негізінен көлемі шағын көркем шығармалар кірген»[2]. Бұдан

«Диуан» Түркі әдебиетіндегі алғаш шыққан қолжазба жинақтарға берілген атау екенін көреміз. Дегенмен, хикмет болу үшін ел біле бермейтін құпия сыр бар, басқаша айтқанда қасиетті сөз болу керек сияқты. Диуан шығару ісі ортағасырлық түркілерде күшті дамыған. Анадолы түріктері сол дәуірді «Диуан әдебиеті дәуірі» [3] деп жеке қарастырады.

Қ.А.Ясауи хикметтері XIX ғасырдан бастап татар, түрік тілдеріне аударыла бастайды. Бүгінде ол аудармалардың да көбі ескірген, ел қолында жоқ. Ал Қ.А.Ясауи хикметтерінің қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдеріне аударылуы XX ғасырдың еншісінде. 1993 жылы Қ.А.Ясауи хикметтерінің қазақ тіліндегі ғылыми аудармасы жарық көрді. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи бірлесіп аударған бұл аударма «1897 жылғы Стамбұл нұсқасы бойынша» [4,228], түрік тіліндегі аударма негізінде жасалған екен. 2000 жылы Тегеранның «Әл-Хұда» баспасынан шыққан Қуанышбек Қари мен Ғалия Қамбарбекқызының аудармасы «1893 жылы Қазан университетінде жарық көрген Қ.А.Ясауи хикметтерінің татарша аудармасы» мен «1993 жылғы «Мұраттас» баспа орталығынан шыққан қазақша аудармасы» негізінде [5] аударылған делінсе де, онда бұрынғы аудармаларда қалып қойған хикметтер толықтырылып аударылған көрінеді. Тәуелсіздіктен кейін Қ.А.Ясауи хикметтерінің бұдан басқада аудармалары жарық көрген.

Қ.А.Ясауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасында 59 хикмет бар. Көкшетау нұсқасының ерекшелігі, бұрынғы аудармаларда кездеспеген хикметтердің баршылығы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс» деген болатын.

XI ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауи – күллі түркі дүниесінің орта ғасырдағы рухани ұлы ұстазы. Қ.А.Яссауидің атын әлемге танымал еткен ғұламалығы оның софылық уағызында ғана емес, осының негізінде хатқа түсірген атақты «Хикметтерінде» жатыр.

Қортындылай кетсек, “Диуани хикмет” – әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш. Қожа Ахмет Яссауидің еңбегі тәуелсіз еліміздің елдігін ту етіп, іргесін шайқалтпай берік ұстап тұратын рухани тірек екендігін ұмытпағанымыз абзал. Дамыған 30 елдің қатарына кіру деген: өткен тарихымызды ұлықтау, бүгінгі күнде білім мен ғылымның асау арғымағын тұсаулап, ертеңгі күні жарқын болашаққа сенімді қадам жасау. Лайым солай болғай.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, akorda.kz, 2012 ж
- 2 ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы
- 3 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.
- 4 М. Дулатов Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 б

5 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007

6 Кенжетай.Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004. – 341б.

7 Д.Кенжетай. Иасауи хикметтерінің мәні. – Көкшетау. Қожа Ахмет Яссауи. Конференция материалдары, 2016 ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТРУХАНИЯТЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: КӨНЕ ТАРАЗ МЫСАЛЫНДА

Тулепберген А.

Жетекшісі: т.ғ.к, доцент Батталов Қ.Қ.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

tulepbergen99@bk.ru

Жаһандану жағдайында Қазақстан мәдениетінің рухани саясаттың басым бағыттарының бірі - ұлттың мәдени мұрасын сақтау және дамыту болып табылады. Қазақстан үшін тарихи-мәдени мұраның маңыздылығы тарихи алғышарттармен де айқындалады. Қазіргі уақытта мемлекет алдында тарихи сананың негізін қалаушы және Қазақстан халқының болашағына қамқорлық жасайтын ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтаудың басты міндеті тұр. Жаһанданудың жалпы әлемдік процесіне қатыса отырып, біздің еліміз бүгінде оның қарама – қайшы әсерінің ықпалына ие: бір жағынан халықтар арасындағы мәдени байланыстардың кеңеюі және екінші жағынан өзінің мәдени ерекшелігін жоғалту қаупі. Бұл проблеманың Қазақстан үшін өзектілігі қазіргі заманғы көлік құралдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының және экономикалық, саяси байланыстардың дамуына байланысты ұлттардың әлемдік жүйеге кірігуінің жеделдеуімен түсіндіріледі. Бүгінде елімізде жетекші мемлекеттік-ұлттық идеяны, рухани-мағыналық бағдарларды: тарихи жадыны сақтау, ата-бабаларымыздың мақтанышы, толеранттылық, әлеуметтік қажеттілік, еңбекқорлық, сапалы білім, мәдениеттің жоғары деңгейі, денсаулық сақтау бағыттарын тұжырымдау қажет. Қойылған міндетті шешуде тарихи-мәдени мұраға сүйену аса маңызды, ол тұрақтылықтың факторы және сонымен бір мезгілде Қазақстан халықтары өмірінің барлық салаларында даму мен жасампаздықтың сарқылмас көзі болып табылады.

Тарихи-мәдени мұра ата-бабаларымыз қалдырған құндылықтар жиынтығы ретінде адам мен табиғаттың бірлесіп құру өнімдерінде, адамдардың өмір салтында, әдет-ғұрыптарда, дағдыларда, рухани-мәдени құбылыстарда бейнеленген. Дәуірдің белгілі бір кезеңінде құрылған кез-келген Мәдени мұра объектісі әрқашан нақты тарихи сипатқа ие. Сондықтан "Мәдени мұра" және "тарихи-мәдени мұра" терминдерінің өзара байланысы, адам үшін құнды болып табылады және осы мұраны сақтау, болашақ ұрпаққа беру ниетін тудыратын түсініктемелерде, ой-пікірлерде бір-бірімен тығыз байланысты және қиылысуы кездейсоқ емес. Мәдени мұра "бұрынғы ұрпақтардан бұрынғы ұрпақтардан мұраға қалған рухани өмір, өмір, өмір салты құбылысы" дегенді білдіреді [1]. Оны сақтаудың қазіргі заманғы проблемалары тұрғысынан "алдыңғы ұрпақтар құрған және сақтаған және жердің мәдени және табиғи гендік қорын сақтау және оны одан әрі дамыту үшін ерекше маңызды болып табылатын материалдық және зияткерлік-рухани құндылықтар жүйесін" білдіреді. 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасында тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» - «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның ұйымдастырушылық құрылымы оны кезең-кезеңімен (2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жж., одан кейінгі 20 жылдық бағдарламаны әзірлеумен) жүзеге асыруды және мәдени мұраны жүйелеу, сақтау және дамытуды қаржыландыруды көздеді.